

18/1-161 29.05.2026



БЕКІТЕМІН
«ОҚМА» АҚ ректоры
Ж.С.Сейтжанова
2026 ж.

**«ОҚМА» АҚ ЖАТАҚХАНАСЫНДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА
ОРЫН БӨЛУ ЖӘНЕ ТҰРУ ЕРЕЖЕСІ**

Е 241-2026

Күні	Көшірме	Басылым
		Жетінші

Шымкент

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі		Е 241-2025
«ОҚМА» АҚ жатақханасында білім алушыларға орын бөлу және тұру ережесі		7-ші басылым 16 беттің 2 беті

1. «ОҚМА» АҚ Жастар саясаты бөлімі ӘЗІРЛЕП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗДІ.

2. «ОҚМА» АҚ Сапа бойынша Кеңестің шешімімен БЕКІТІЛДІ.

Кезеңді тексеру мерзімі – 3 жыл

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі		Е 241-2025
«ОҚМА» АҚ жатақханасында білім алушыларға орын бөлу және тұру ережесі		7-ші басылым 16 беттің 3 беті

МАЗМҰНЫ

1. Нормативтік сілтемелер.....	4
2. Терминдер, анықтамалар және қысқартулар.....	4
3. Жалпы ережелер.....	4
4. Конкурстық комиссиясын құру тәртібі.....	6
5. Жатақханаға орналастыру және ұсыну тәртібі.....	6
6. Жатақханаға кіріп-шығу тәртібі.....	6
7. Жатақхана тұрғындарының құқықтары.....	10
8. Жатақхана тұрғындарының міндеттері.....	11
9. Жатақхана әкімшілігінің құқықтары.....	11
10. «ОҚМА» АҚ әкімшілігінің міндеттері.....	13
11. Жатақхана әкімшілігінің міндеттері.....	13
12. Жатақхана өзін-өзі басқару ұйымы.....	14
13. Жатақхана тұрғындарының жауапкершілігі.....	15
14. Жатақхана тұрғындарын шығару тәртібі.....	16
15. Жауапкершілік.....	17

ОҢТҮСТІК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі		Е 241-2025
«ОҚМА» АҚ жатақханасында білім алушыларға орын бөлу және тұру ережесі		7-ші басылым 16 беттің 4 беті

1 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы «ОҚМА» АҚ жатақханасында білім алушыларға орын бөлу және тұру ережесі келесідей нормативтік құжаттардың талаптары ескеріліп, әзірленді:

- Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы: 2007 жылғы 27 шілде, № 319 (өзгерістер мен толықтырулармен);

- Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заңы: 2015 жылғы 18 қараша, № 410-V (өзгерістермен және толықтырулармен);

- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі: 2015 жылғы 23 қараша, №414-V ҚРЗ;

- Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының жатақханаларындағы орындарды бөлу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы №219 бұйрығы;

- ISO 9000:2015. Сапа менеджменті жүйелері. Негізгі ережелер мен сөздік;

- ҚР СТ ISO 9001-2016. Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар;

- СТ 002-2024. Ішкі нормативтік құжаттарын басқару;

- СТ 003-2024. Ұйымдастыру құжаттарын басқару;

- СТ 011-2024. Персоналды басқару;

- СТ 012-2025. Әкімшілік-басқару персоналының, профессорлық-оқытушылық құрамның және ғылыми қызметкерлердің біліктілігін арттыру;

- СТ 023-2024 «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ білім беру қызметінің сапасын ішкі қамтамасыз ету стандарттары;

- К 121-2023 Академиялық адалдық кодексі;

- Е 507-2026 «ОҚМА» АҚ-да жасанды интеллект және цифрлық технологияларды қолдану ережесі.

2 ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы ережеде келесі терминдер, анықтамалар және қысқартулар қолданылды:

Академиялық адалдық — бұл білім беру, білім алу мен ғылыми жұмыс барысында шынайылық, әділдік және жауапкершілік қағидаларын сақтай отырып, сыбайлас жемқорлықты алдын алуды, болдырмауды қамтамасыз етеді.

Академиялық адалдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қағидаттары:

- адалдық – пара алмау, жалған ақпарат бермеу;

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі		Е 241-2025
«ОҚМА» АҚ жатақханасында білім алушыларға орын бөлу және тұру ережесі		7-ші басылым 16 беттің 5 беті

- әділдік – барлыққа тең мүмкіндік беру, таныстықпен артықшылық жасамау;
 - жауапкершілік – өз әрекетіне есеп беру, заң мен ережені сақтау;
 - сенім – қоғамда және оқу орнында сенімді орта қалыптастыру;
 - құрмет – басқалардың құқығы мен еңбегін бұзбау;
 - ашықтық – шешімдер мен бағалаудың айқын болуы;
 - жасанды интеллект – адамның интеллектуалдық қызметінің нәтижелерімен салыстырылатын немесе олардан асып түсетін нәтижелерді қамтамасыз ететін, адамға тән когнитивті функцияларды имитациялай алатын функционалдық қабілет;
 - жасанды интеллект жүйесін пайдаланушы – нақты функцияны және (немесе) міндетті орындау үшін жасанды интеллект жүйесін пайдаланатын адам;
 - жасанды интеллект жүйесі қызметінің нәтижесі – ұсынылу нысанына қарамастан, ақпарат, шешім немесе жасанды интеллект жүйесі өндіретін жұмыстарды және (немесе) көрсетілетін қызметтерді қоса алғандағы әрекеттер.
- «ОҚМА» АҚ - «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» Акционерлік қоғамы,
- ЖСБ - Жастар саясаты бөлімі,
- ҚР - Қазақстан Республикасы,
- ТЖЖӘМ – тәрбие жұмыстары және әлеуметтік мәселелер.

3 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

3.1. «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» Акционерлік қоғамы (бұдан әрі - «ОҚМА» АҚ) жатақханасына орналасу және тұру ережелері (әрі қарай – Ережелер) ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңы 5 бабының 46-13) тармақшасына сәйкес ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы бекіткен № 66 бұйрығына сәйкес әзірленген.

3.2. Ережелер «ОҚМА» АҚ жүйелі нормативті актісі болып табылады, оның орындалуы деканаттар мен «ОҚМА» АҚ жатақханасында тұратын барлық тұрғындарға талап етіледі.

3.3. «ОҚМА» АҚ жатақханасы білім алушыларға уақытша тұрақтануға арналған.

3.4 «ОҚМА» АҚ жатақханасында орын бөлу тәртібі білім алушыларға жатақханада орын бөлу негізі мен кезегі ескеріле отырып, осы Ережемен анықталады.

O'NTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Жастар саясаты бөлімі		Е 241-2025	
«ОҚМА» АҚ жатақханасында білім алушыларға орын бөлу және тұру ережесі		7-ші басылым 16 беттің 6 беті	

4 КОНКУРСТЫҚ КОМИССИЯСЫН ҚҰРУ ТӘРТІБІ

4.1 Жатақханада орынды арнайы құрылған комиссия бөледі.

4.2 Жатақханада орын бөлу бойынша комиссияның сандық және тұлғалық құрамын (әрі қарай –комиссия), сонымен қатар оның өкілетті мерзімін «ОҚМА» АҚ ректоры белгілейді.

4.3 Комиссияның құрамына төменде аталған тұлғалар кіреді:

- «ОҚМА» АҚ басқарушы құрамының өкілі – білім алушылардың жатақханада тұру мәселелерін үйлестіруге жауапты «ОҚМА» АҚ проректоры;
- қоғамдық ұйымдардың өкілдері – ерікті негізде құрылған кәсіподақтар және басқа да бірлестіктердің өкілдері;
- жатақханаға орналастыру сұрақтарына жауапты факультет деканы немесе орынбасары;
- студенттік өзін-өзі басқару ұйымының өкілі;
- жастар саясаты бөлімінің өкілі.

4.4 Комиссияның төрағасы болып - білім алушылардың жатақханада тұру мәселелерін үйлестіруге жауапты «ОҚМА» АҚ проректоры тағайындалады.

4.5 Комиссияның негізгі міндеттері:

- өтініштерді объективті қарастырып, білім алушылардың құқығы мен қызығушылығына зиян келтірмейтін шешім қабылдау;
- комиссия мәжіліс қорытындысы бойынша шешім шығару.

5 ЖАТАҚХАНАҒА ОРНАЛАСТЫРУ ЖӘНЕ ОРЫН ҰСЫНУ ТӘРТІБІ

5.1 Комиссия келесі тәртіп бойынша жатақханадан орын бөледі:

- жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың, сондай-ақ кәмелетке толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастардың қатарындағы ҚР азаматтарының, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар, бала кезінен мүгедектігі бар адамдар, мүгедектігі бар балалар;

- үшінші топтағы мүгедектігі бар адамдар, біреу немесе екі ата-анасының мүгедектігі бар адамдар, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алатын адамдар, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алатын адамдар, жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлердің, ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түскен ауыл жастары арасынан шыққан адамдар, сондай-ақ қандастар;

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі		Е 241-2025
«ОҚМА» АҚ жатақханасында білім алушыларға орын бөлу және тұру ережесі		7-ші басылым 16 беттің 7 беті

- "Мәңгілік ел жастары – индустрияға!" ("Серпін – 2050") жобасы шеңберіндегі білім алушылар;

- "Алтын белгі" иегерлері болып табылатын бірінші курсқа қабылданған білім алушылар, Президенттік, халықаралық және республикалық олимпиада және/немесе конкурс жеңімпазының немесе жүлдегерінің сертификатын иеленген білім алушылар, сондай-ақ оқу орнын үздік бітірген, білім туралы растайтын құжаты бар (куәліктер, аттестат, диплом) талапкерлер;

- бірінші курсқа оқуға қабылданған, Ұлттық бірыңғай тестілеу немесе Кешенді тестілеу қорытындылары, пәндер бойынша түсу емтихандары немесе білім беру ұйымы өткізген тестілеу нысаны бойынша жоғары балл алған білім алушылар;

- Ұлттық бірыңғай тестілеу немесе Кешенді тестілеудің, білім беру ұйым өткізген пән бойынша немесе тестілеу түріндегі қабылдау емтихандарының қорытындылары бойынша тең балл жинаған кезде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 [қаулысымен](#) бекітілген Мемлекеттік білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидаларына сәйкес білім алушының материалдық жағдайы ескеріледі;

- оқу, ғылыми және қоғамдық жұмыста жоғары нәтижелері бар жоғарғы курс білім алушылары;

- «ОҚМА» АҚ-ның өзге де білім алушылары.

5.2 Білім алушылар қатарындағы шетелдік азаматтар халықаралық және үкіметаралық шарттарға сәйкес жатақханалардағы орындармен қамтамасыз етіледі.

5.3 Жатақханада орын болған жағдайда өтінім берген барлық студенттерге жатақханадан орын беру қарастырылады.

5.4 Комиссия өтініштерді қарау қорытындылары бойынша жатақханадан орын беру туралы шешім қабылдайды.

5.5 Комиссия білім алушының күтпеген отбасылық, материалдық және басқа жағдаяттар себептерінен тұрғын жайға мұқтаждығы туындағанда жатақханадан орын беру туралы, сондай-ақ жатақханада тұру ережелерін немесе ұйымның

O'NTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SKMA -1979- MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Жастар саясаты бөлімі		Е 241-2025	
«ОҚМА» АҚ жатақханасында білім алушыларға орын бөлу және тұру ережесі		7-ші басылым 16 беттің 8 беті	

жарғысын сақтамағаны үшін негізделген ұсыныс бойынша жатақханадан шығару туралы шешім қабылдайды.

5.6 Комиссия жатақханаларда орын бөлуді кезең-кезеңмен:

жатақханаларда тұратын білім алушылар контингентінің өзгеруіне сәйкес, сондай-ақ ауысып келген немесе қайта қабылданған білім алушыларды негізді орналастыру үшін оқу жылының ішінде, қажеттілігіне қарай жүргізеді.

5.8 Комиссия төрағасының қолы қойылған хаттамалық шешім негізінде жатақханада тұру бұйрығы жасалады. Соның негізінде ЖСБ меңгерушісі қолымен жолдама беріледі.

5.9 Жатақханаға орналастыру жатақхана меңгерушісімен (комендант) тұрғылықты орынды жалдау туралы келісімшарт негізінде, орналасушының жеке куәлігі және денсаулығы жөніндегі анықтама, тұрғылықты мекенжайы туралы анықтама және жоғарыдағы санаттарға жататындығын куәландыратын анықтама негізінде жүзеге асады.

5.10 Білім алушылар жатақханаға орналасу барысында осы Ережелермен, «ОҚМА» АҚ ішкі еңбек тәртібінің Ережелерімен танысып, электртұрмыстық қондырғыларды, тұрмыстық радиоаппараттарды пайдалану кезінде техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулықпен танысуы тиіс, жеке электртұрмыстық құрылғыларды пайдаланудың белгіленген тәртібімен және жатақханада орынды босату тәртібімен танысуы тиіс.

5.11 «ОҚМА» АҚ жатақханасында тұру ақысының мөлшерін экономика жоспарлау бөлімімен белгіленеді және ректор бекітеді.

5.12 Жатақханада тұру ақысы ондағы тұрған (оқу жылы), демалыс уақытын қосқанда барлық уақытқа алынады, білім алушылардың демалыс уақытында үйіне қайтқан жағдайда төсек орын заттары және қосымша қызметтер үшін ақы алынбайды.

5.13 Тұрғын тұрғылықты орынды жалдау келісімшартын бұзған жағдайда үш күн аралығында орнын босатуы тиіс, жатақхана меңгерушісіне (комендант) тұрғылықты орынды таза және алынған құрал-жабдықтарды жұмыс күйінде тапсыруы тиіс.

5.14. Жатақханаға қашықтан келген студенттердің ата-анасы және біліктілігін жетілдіруге келген тыңдаушылар, құжат тапсыруға келген талапкерлер мен олардың ата-аналары жатақханаға тәуліктік төлем жасап орналаса алады. Аталған азаматтар жатақхана меңгерушісіне (комендант) бөлім меңгерушісіне, қабылдау комиссиясы хатшысының рұқсаты мен төлем жүргізілген түбіртектегі ұсыну қажет.

5.15. Алыс және жақын шет елден келген дайындық курстарындағы талапкерлер мен талапкерлер студент қатарына қабылданбай тұрып жатақханамен қамтамасыз етіледі. Ол бойынша жатақханаға қабылдау бұйрығы шығарылады.

O'NTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі		Е 241-2025
«ОҚМА» АҚ жатақханасында білім алушыларға орын бөлу және тұру ережесі		7-ші басылым 16 беттің 9 беті

Талапкер оқуға түсе алмай қалған жағдайда ректор бұйрығымен жатақханадан қайта шығарылады.

5.16. Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру:

1. «ОҚМА» АҚ (жазбаша өтініш тастау арқылы немесе платонус бағдарламасы арқылы онлайн өтініш беру арқылы);
2. www.egov.kz "электронды үкімет" веб-порталы;
3. "электрондық үкімет" веб-порталында тіркелген ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы арқылы жүзеге асырылады.

5.17. Жатақханаға тұру үшін өтініш білдіруші төмендегі құжаттарды ұсынады: Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтерді, ата-анасының (ата-аналарының) қайтыс болуы туралы куәлікті (жетім балалар үшін), жасына байланысты зейнетақы/жәрдемақы алушының куәлігі (көп балалы отбасылардан шыққан балалар үшін), "Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 260 [бұйрығымен](#) бекітілген нысан бойынша мүгедектік туралы анықтама (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32922 болып тіркелген), Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 21 маусымдағы № 227 [бұйрығымен](#) бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32885 болып тіркелген) Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау және төлеу қағидаларына сәйкес өтініш берушінің (отбасының) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушыларға тиесілігін растайтын ақпарат көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған кезде «ОҚМА» АҚ өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы Қағидаларға нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

5.18. «ОҚМА» АҚ жатақханасына жұмыс уақытынан тыс уақытта келетін студенттер үшін әр оқу жылының тамыз айынан бастап тәулік бойына “Ахуалдық орталық” жұмыс жасайды. Республиканың басқа облыстарынан және қалаларынан кешкі 18:00 мен таңғы 9:00 аралығында келген студенттерді арнайы қарастырылған бөлмелерге орналастырады.

5.19. Жатақхандағы бос орындар туралы хабарлама «ОҚМА» АҚ сайтының басты бетінде ай сайын жаңартылып тұрады.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SKMA - 1979 - MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі		Е 241-2025
«ОҚМА» АҚ жатақханасында білім алушыларға орын бөлу және тұру ережесі		7-ші басылым 16 беттің 10 беті

6 ЖАТАҚХАНАҒА КІРІП – ШЫҒУ ТӘРТІБІ

6.1 Жатақханаға кіріп-шығу тәртібі төмендегідей жүзеге асырылады:

- жатақханада тұру тәртібі мен қауіпсіздігі бойынша кезекші вахтерлермен тәулік бойы байланыста болады;
- жатақхана әкімшілігінің жатақханада белгіленген тәртіпті сақтау талабы барлық тұрғындарға бірдей қойылады;
- жатақханаға кіру үшін тұрғындарға белгіленген үлгі бойынша өту қағазы беріледі. Өту қағазы жатақханаға кіру үшін негізгі құжат болып табылады. Жатақханаға келген қонақ жеке куәлігін көрсету арқылы кіреді;
- кезекші сағат 22.00-ден кейін келген студенттердің қатаң жатақханаға кіргізбеуі тиіс;
- жатақханада тұрмайтын тұлғалар жатақханаға 14.00-18.00 аралығында тұрғындардың шақыруы бойынша ғана кіре алады. Тұрғындар қонақты кезекшінің жанында қарсы алуға міндетті. Кезекші келген қонақтың жеке куәлігі және осы тұрғынның өту қағазы қалады;
- қонақ қайтқан жағдайда тұрғын қонақты кезекшіге дейін шығарып салуы тиіс;
- бөлмеде тұрмайтын тұлға осы бөлменің басқа тұрғындарының келісім арқылы бола алады;
- қонақтар, оның ішінде «ОҚМА» АҚ білім алушылары жанұясының мүшесі, жатақхананың қонақ бөлмелерінде (болған жағдайда), бос орын болса уақытша тұруға құқылы;
- қонақтардың осы Ережелердің және ішкі еңбек тәртібінің сақтауы бойынша жауапкершілік шақырушы тұрғынға жүктеледі;
- жатақханада тұратын немесе олардың қонақтары жатақханаға уақытша қонақ болған кезде жатақхана ережелерін бұзған жағдайда, жатақхананың меңгерушісі (комендант) бұзушылық жасағандардан түсініктеме алып, тәртіптік шара қолдану үшін бөлім меңгерушісіне тиісті қызметтік хатпен бірге жіберіледі;
- кезекші бөтен тұлғалардың жатақханада тәртіп бұзушылық болуы мүмкін деп қауіптенетін жағдайда оларды жатақханаға кіргізбеуге құқылы. Мұндай шешімге шағымдануды жатақхана меңгерушісі (комендант) арқылы шешуге болады.
- жатақхана қызметкерлеріне кез-келген дәрекі қарым-қатынас, өту қағазы мен жеке куәлікті көрсетуден бас тарту осы Ережелерді және ішкі еңбек тәртіп ережесін дәрекі түрде бұзу болып табылады.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі		Е 241-2025
«ОҚМА» АҚ жатақханасында білім алушыларға орын бөлу және тұру ережесі		7-ші басылым 16 беттің 11 беті

7 ЖАТАҚХАНА ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

Жатақхана тұрғындары құқылы:

- өздеріне бекітілген тұрғылықты бөлмеде осы Ережелерді, ішкі еңбек тәртібінің ережесі және тұрғылықты орынды жалға алу келісімін сақтаған жағдайда, оқудың барлық мерзімінде тұруға құқылы;
- өздік жұмыс жасауға арналған бөлмелерді, мәдени-тұрмыстық шараларға арналған орындарды, жатақхананың қондырғылары мен жабдықтарын қолдануға құқылы;
- жатақхана меңгерушісіне (комендантқа) уақтылы жөндеу жұмыстарын жасау туралы, тұрғынның кінәсінен емес істен шыққан қондырғылар мен жабдықтарды ауыстыру туралы өтініш жасауға құқылы;
- жатақхананың студенттік кеңесін қалыптастырып, оған мүше болып сайлануға құқылы;
- жатақхана студенттік кеңесі арқылы тұрғын үй-тұрмыстық жағдайды шыңдау, тәрбие жұмысы мен бос уақытты дұрыс ұйымдастыру бойынша мәселелерді шешуге құқылы.

8 ЖАТАҚХАНА ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ

8.1 Жатақхана тұрғындарының міндетті:

- тұрғылықты орынды жалға алу туралы ОҚМА АҚ-мен құрған келісім талаптарын орындауға;
- орналасқан жері бойынша тіркеу үшін және әскери есепке алу үшін құжаттарды белгіленген тәртіп және уақытта тапсыруға;
- жатақханаға орналасқан уақыттан бастап жатақханаға уақытша тіркелуге (тұрғылықты тіркеуі үйі болып қала береді) және жатақхананы босатқан уақытта тіркеуден шығуға;
- осы Ереженің 6 тармағында көрсетілген уақытта қонақтарды қабылдауға;
- жатақханада тұрғаны үшін, төсек орын заттарын пайдаланғаны үшін және барлық ұсынылатын ақылы қызмет үшін белгіленген көлемде ақыны уақтылы төлеуге;
- өздік жұмысқа арналған орынды және мәдени-тұрмыстық шараларға арналған орындарды пайдалану кезінде тыныштық сақтауға және аталған орындарды басқа тұрғындардың пайдалануына кедергі келтірмеуге;
- осы Ережені, қауіпсіздік техника ережелерін, өрт қауіпсіздігі ережелерін қатаң сақтауға;

O'NTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Жастар саясаты бөлімі		Е 241-2025	
«ОҚМА» АҚ жатақханасында білім алушыларға орын бөлу және тұру ережесі		7-ші басылым 16 беттің 12 беті	

- тұрмыстық электржабдықтарын пайдалану бойынша нұсқауларды қатаң сақтауға;

- жатақханадағы арнайы орындар мен жабдықтарды, қондырғыларды ұқыпты пайдалануға;

- электр жарығы мен суды үнемді етіп пайдалануға;

- тұрғылықты орын мен ортақ орындарды пайдалануда тазалық пен тәртіпті сақтауға, өз бөлмелерінде тазалық жұмыстарын күн сайын, ал асханада кезекшілік кестесіне сәйкес жүргізуге;

- материалдық шығын келтірген жағдайда ҚР заңнамасына және тұрғылықты орынды жалдау келісімшартына сәйкес өтімін толтыруға;

- жатақхана жұмысшыларының талаптары бойынша жеке куәлікті және жатақханаға өту қағазын көрсетуге;

- осы Ережелерінің орындалуын қадағалау, мүліктердің бүтіндігін тексеру, профилактикалық және жұмыстың басқа да түрлерін жүргізу мақсатында «ОҚМА» АҚ және (немесе) жатақхананың әкімшілігіне тұрғын бөлмелерді қарап шығуға мүмкіндікті қамтамасыз етуге;

8.2 Жатақхана тұрғындарына тыйым салынады:

- бір бөлмеден екінші бөлмеге өз бетінше көшуге;

- бір бөлмеден екінші бөлмеге жабдықтарды өз бетінше тасымалдауға,

- электрсымдарын өз бетінше қайта жасауға және электр жүйесін өз бетінше жөндеуге;

- басқа бөлмелерде тұратын тұрғындардың тыныштығын бұзбау үшін 22:00-ден 07.00-ге дейінгі уақыт аралығында қатаң теледидар көрмеуге, радиоқабылдағыштарды, магнитофондарды және басқа да қатты дыбысты заттарды пайдаланбауға және де басқа іс-әрекеттер жасамауға;

- арнайы бөлінген орындардан басқа тұрғын бөлмелерінің қабырғаларына, ортақ орындардың қабырғаларына хабарландыру, сабақ кестелерін және т.б. жапсыруға;

- жатақхана орындарында темекі тартуға;

- белгіленген тәртіпті бұза отырып, бөтен тұлғаларды жатақханаға кіргізуге және (немесе) оларды жатақхана түнетуге; басқа тұлғаларға, оның ішінде – басқа бөлме тұрғындарына тұрғылықты орын ұсынуға;

- жатақханаға ішімдік немесе есірткі қолданған күйде келуге, алкогольдік ішімдіктерді қолдануға және сақтауға;

- ішімдік және есірткі заттарын сатуға;

- жатақхана менгерушінің (коменданттың) рұқсатынсыз қосымша құлып орнатуға немесе құлыптарды қайта жасау немесе оларды ауыстыруға;

- тұрғылықты орында ашық от көздерін пайдалануға;

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Жастар саясаты бөлімі		Е 241-2025	
«ОҚМА» АҚ жатақханасында білім алушыларға орын бөлу және тұру ережесі		7-ші басылым 16 беттің 13 беті	

- жатақханада үй жануарларын ұстауға;
- бөлмеде тұратын тұрғындарға кедергі келтіретін үлкен көлемді заттарды сақтауға болмайды.

9 ЖАТАҚХАНА ӘКІМШІЛІГІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

Жатақхана әкімшілігі құқылы:

- жатақханада өмір сүру жағдайын жақсарту бойынша ұсыныстарын білдіруге;
- жатақхананың студенттік кеңесімен бірлесе отырып, ішкі тәртіпті бұзатын тұрғындарға тәртіптік жаза қолдану туралы ұсыныстарды бөлім меңгерушісіне қарауына ұсынуға.

10 «ОҚМА» АҚ ӘКІМШІЛІГІНІҢ МІНДЕТТЕРІ

«ОҚМА» АҚ әкімшілігі міндетті:

- білім алушыларға ҚР заңнамасына және жатақхана тұру нормаларына, «ОҚМА» АҚ жатақханасы туралы Ережеге сәйкес жатақханадан орын беруге;
- жатақханаға орналасу барысында және білім алушылардың әрі қарай онда тұруы кезінде жатақханада өмір сүру мәселелерін реттеуші жүйелі нормативтік актілері туралы хабардар етуге;
- жатақхана орындарын белгіленген санитарлық ережелер мен нормаларға сәйкес қажетті жағдайда ұстауға;
- тұрғындармен тұрғылықты орынды жалға алу келісімін құру және орындауға;
- жатақхананы жиһазбен, қондырғылармен, төсек орын заттарымен және басқа да жабдықтармен кешендендіруге;
- жатақхананың штатын белгіленген тәртіпке қызмет көрсету құрамымен толықтыру;
- жатақхана тұрғындарын қажетті коммуналды және басқа да қызметпен қамтамасыз ету, өздік жұмыс жасауға арналған орындармен қамтамасыз етуге және мәдени-бұқаралық, сауықтыру және спорт шараларын өткізуге арналған орындармен қамтамасыз етуге;
- қауіпті аурумен ауырған жағдайда жатақхана тұрғынын дәрігерлер кеңесі негізінде арнайы бөлмелерге уақытша ауыстыруға;
- жатақхананың білім студенттік кеңесіне өзін-өзіне қызмет көрсету, еңбек жағдайын жақсартуға, тұрмыс және тұрғындардың демалысын жақсарту мәселелері бойынша білім студенттік өзін-өзі басқаруды дамыту жұмыстарына қолдау көрсетуге;

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SKMA - 1979 - MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі		Е 241-2025
«ОҚМА» АҚ жатақханасында білім алушыларға орын бөлу және тұру ережесі		7-ші басылым 16 беттің 14 беті

- жатақханада тұрмыстық, мәдени-тұрмыстық жағдайды жақсарту бойынша шараларды жүзеге асыру, тұрғындардың ұсыныстарын іске асыру бойынша уақтылы шаралар қолдану, оларды қолданылған шаралар жөнінде хабардар етуге;
- санитарлық талаптар мен еңбек қорғау ережелеріне сәйкес жатақхананың барлық орындарын жылу жүйесі мен жарықпен қамтамасыз етуге;
- жатақхананы және бекітілген аумақты тазалау, қызмет ету, жайландыру бойынша жұмыстар жүргізу барысында қажетті қондырғылармен, жабдықтармен, құралдармен және материалдармен қамтамасыз етуге;
- жатақхана аумағында күзет пен белгіленген өткізу тәртібін сақтауды қамтамасыз етуге.
- «ОҚМА» АҚ-ның кез келген қызметкері (оның лауазымына, құзыреттілігіне қарамастан) білім алушылармен әріптестері арасында, академиялық адалдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға және сол қағидаттарды қатаң ұстануға;
- қызметкер жасанды интеллект технологиялары мен цифрлық шешімдерді қолдануға қатысты ішкі нормативтік құжаттардың талаптарын, соның ішінде оларды қауіпсіз, этикалық және жауапты пайдалану қағидаттарын сақтауға міндетті.

11 ЖАТАҚХАНА ӘКІМШІЛІГІНІҢ МІНДЕТТЕРІ

Жатақхананың әкімшілігі міндетті:

- тұрғындарды келген орындары бойынша тіркеу үшін құжаттардың болуын қамтамасыз етуге;
- тұрғындардың жатақханаға уақытша тіркелуін қадағалауға және қамтамасыз етуге (паспортист);
- жатақхана орындарын белгіленген санитарлық нормалар мен ережелерге сәйкес сақтауға;
- жатақхананы жиһазбен, қондырғылармен, төсек орындарымен және басқа да жабдықтармен қамтамасыз етуге;
- жатақханаға, жабдықтарға, қондырғыларға ағымдық жөндеу жүргізуді қамтамасыз етуге, жатақханаға бекітілген аумақты, жасыл желекті лайықты деңгейде ұстауға;
- жатақхананың құбыр жүйесінде, электржүйесінде, су желісінде болған ақауларды шұғыл түрде жөндеуге;
- жатақхана тұрғындарын қажетті өздік жұмысына арналған орындар, демалыс орындары және тұрмыстық бөлмелермен қамтамасыз етуге;

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SKMA - 1979 - MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Жастар саясаты бөлімі		Е 241-2025	
«ОҚМА» АҚ жатақханасында білім алушыларға орын бөлу және тұру ережесі		7-ші басылым 16 беттің 15 беті	

- жатақхана бөлмелерін пайдалану бойынша және санитарлық жағдайы бойынша кемшіліктерін анықтау мақсатында жатақхананың барлық орындарын күнделікті тексеріп отыруға;

- 10 күнде бір реттен кем емес төсек жаймаларын ауыстырып отыруы тиіс;

- жатақхана тұрғындарына тұрмыстық техниканы, аппараттарды қолдану барысында техника қауіпсіздігі мен тұрмыстық электро құралдарымен қолдану нұсқауын сақтаған жағдайда тұрмыстық техника мен аппаратураны пайдалануға;

- жатақхананың білім студенттік кеңесінің өмір сүру жағдайын жақсарту, тіршілік және тұрғының демалысы мәселелері бойынша жатақхананың жұмысын күшейтуге;

- тұрғындардың ұсыныстарын жүзеге асыру бойынша шара қолдану, оларды қолданылған шаралар жөнінде хабардар етуге;

- жатақхананы және бекітілген аумақты өз еркімен тазалау, қызмет ету, жайландыру бойынша жұмыстар жүргізу барысында қажетті қондырғылармен, жабдықтармен, құралдармен және материалдармен қамтамасыз етуге;

- жатақханада тұратын тұрғындар мен персоналды өрт қауіпсіздігі мен қоғамдық қауіпсіздігімен қамтамасыз етуге.

12 ЖАТАҚХАНАДА ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ ҰЙЫМЫ

12.1 Жатақханада тұратын студенттік өзін-өзі басқару ұйымының мүшесі — жатақхананың студенттік кеңесі (әрі қарай студенттік кеңес), болып саналады және ол тұрғындардың атынан шығатын өкіл бола алады. Жатақхананың студенттік кеңесі бөлмелердің, жетекшілердің іс-әрекетін реттеп отырады, жатақхананың өзін-өзіне қызмет ету бойынша жұмысын ұйымдастырады, жатақхана мен оған қарасты аумақта қоғамдық пайдалы жұмыстарды өз еркімен атқаруға баулиды, жатақхана әкімшілігінің тұрғындарға сеніп тапсырылған материалдық заттарды ұқыпты пайдалануға көмектеседі, мәдени-бұқаралық іс-шараларды өткізуді ұйымдастырады.

Жатақхана студенттік кеңесі өзінің жұмысын осы Ережеге сүйене отырып жүзеге асырады.

12.2 Жатақхананың әр бір бөлмесінде жетекші сайланады. Бөлменің жетекшісі бөлмеде бар мүлікке ұқыпты қарауды, бөлмені таза және тәртіпті ұстауды қадағалайды.

Бөлменің жетекшісі өзінің жұмысында жатақхана білім студенттік кеңесінің және жатақхана әкімшілігінің шешімдерін негізге алады.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі		Е 241-2025
«ОҚМА» АҚ жатақханасында білім алушыларға орын бөлу және тұру ережесі		7-ші басылым 16 беттің 16 беті

13 ЖАТАҚХАНА ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

13.1 Осы Ережелерді бұзғаны үшін тұрғындарға жатақхана әкімшілігінің ұсынысы бойынша ҚР-ның заңнамасы, «ОҚМА» АҚ жарғысы және ішкі еңбек тәртібінің ережесіне сәйкес қоғамдық және тәртіптік қатысы бар шаралар қолданылады.

Жатақханадан шығару түріндегі тәртіптік жаза комиссияның ұсынысымен ректордың бұйрығы арқылы жүзеге асады.

13.2 «ОҚМА» АҚ жарғысы және ішкі еңбек тәртібінің ережесінде қарастырылған міндеттерді бұзған тұрғындарға келесі тәртіптік жаза қолданылады:

- ескерту;
- сөгіс;
- жатақханадан шығару;
- жатақханада тұрғылықты орынды жалға алу келісімін бұза отырып, «ОҚМА» АҚ шығару.

13.3 Тәртіптік жаза қолдану ТЖжӘМЖ проректор ұсынымы бойынша ректор бұйрығымен рәсімделеді.

14 ЖАТАҚХАНА ТҮРҒЫНДАРЫН ШЫҒАРУ ТӘРТІБІ

Білім алушылар келесі жағдайларда жатақханадан шығарылуы мүмкін:

- тұрғылықты орнын гигиеналық, санитарлық талаптарға сай пайдаланбаса;
- тұрғылықты орынды бүлдірсе немесе зақым келтірсе;
- тұрғындардың құқығын бұзса, көршілердің тыныштығын алса;
- екі ай ішінде тұрғылықты орны үшін ақы төлемесе;
- жатақхана әкімшілігін жазбаша ескертусіз екі айдан көп болмаған жағдайда;
- жатақханада ішкілік ішіп, шылым тартып немесе есірткі пайдаланса, таратса;
- тұрғындар жатақханада жарылғыш, химиялық қатерлі заттарды, оқты қаруларды сақтаса;
- «ОҚМА» АҚ-нан оқудан шығарылса;
- ҚР-ның заңнамасында қарастырылған басқа да жағдайларда.
- келісім шартта қарастырылған талаптар бұзылған жағдайда;
- ішкі тәртіп ережесін бұзғаны үшін;
- тұрғындардың жеке өтініші бойынша;
- «ОҚМА» АҚ білім алушыларының оқу уақыты бітуіне байланысты шығарылса.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі		Е 241-2025
«ОҚМА» АҚ жатақханасында білім алушыларға орын бөлу және тұру ережесі		7-ші басылым 16 беттің 17 беті

15 ЖАУАПКЕРШІЛІК

- Қызметкер жасанды интеллект құралдарын қолдану кезінде алынған нәтижелердің дұрыстығын тексеруді, құпиялылық пен деректерді қорғау талаптарын, академиялық адалдық қағидаттарын сақтауды қамтамасыз етеді, сондай-ақ аталған технологияларды қолдана отырып дайындалған түпкілікті шешімдер мен материалдар үшін жеке жауапкершілікте болады.

- Жасанды интеллект технологиялары мен цифрлық шешімдерді қолдану тәртібін сақтамау академиялық адалдық қағидаттарына қайшы келетін іс-әрекет ретінде қарастырылады.

O'NTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SKMA - 1979 - MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі		Е 241-2025
«ОҚМА» АҚ жатақханасында білім алушыларға орын бөлу және тұру ережесі		7-ші басылым 16 беттің 18 беті

Әзірлеген:

Қызметі	Аты - жөні
Жастар саясаты бөлімінің меңгерушісі	М.А.Турабек

Тексерген:

Қызметі	Аты-жөні
Сапаны қамтамасыз ету және мониторинг бөлімінің меңгерушісі	Н.Ә.Ержанов
Әкімшілік және құқықтық қамтамасыз ету басқармасының басшысы	О.А.Кабиштаев

Келісілді:

Қызметі	Аты-жөні
Ғылыми және стратегиялық даму жөніндегі проректор	Н.Е.Аукенов
Тәрбие жұмыстары және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор	Е.Қ.Сәлім
Интернатура және түлектерді жұмысқа орналастыру деканатының деканы	Қ.С.Кемельбеков
Фармация факультетінің деканы	Қ.Е.Арыстанбаев
Медицина факультетінің деканы	А.А.Сейдахметова
Медицина колледжінің директоры	А.М.Кушкарлова
Комплаенс офицер	Н.А.Пернебаев

Лист согласования и подписания

ФИО	Тип действия	Время и дата согласования или подписания	Замечания	Данные по ЭЦП
Турабек Мадина Айдарқызы	Разработано	29.05.2026, 16:30:03	Без замечаний	
Ержанов Нурлан Амирович	Проверено	29.05.2026, 17:51:27	Без замечаний	
Кабиштаев Орынбасар Абдукаримович	Проверено	29.05.2026, 16:54:05	Без замечаний	
Аукенов Нурлан Ерденович	Согласовано	29.05.2026, 16:31:14	Без замечаний	
Сәлім Ербол Қалтұрсынұлы	Согласовано	29.05.2026, 17:42:14	Без замечаний	
Кемельбеков Канатжан Сауханбекович	Согласовано	29.05.2026, 16:33:47	Без замечаний	
Арыстанбаев Куттыбек Есенгельдиевич	Согласовано	29.05.2026, 16:36:14	Без замечаний	
Сейдахметова Айзат Ашимхановна	Согласовано	29.05.2026, 16:35:12	Без замечаний	
Кушкарова Алтыншаш Мухаметкалиевна	Согласовано	29.05.2026, 16:33:24	Без замечаний	
Пернебаев Нурғали Алиханович	Согласовано	29.05.2026, 16:54:43	Без замечаний	
Сейтжанова Жанна Серикжановна	Подписано	29.05.2026, 17:53:43	Без замечаний	Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST) 2022, СЕЙТЖАНОВА ЖАННА, "Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы" акционерлік қоғамы, BIN991040003556
Сейтжанова Жанна Серикжановна	Зарегистрировано	29.05.2026, 17:53:45	Без замечаний	Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST) 2022, СЕЙТЖАНОВА ЖАННА, "Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы" акционерлік қоғамы, BIN991040003556

